

Жалғыз  
құрылтайшының шешімімен  
2006 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_  
**Бекітілген**

«Карагандинский завод асбестоцементных изделий»  
акционерлік қоғамының  
**Ж А Р Ғ Ы С Ы**

Теміртау қаласы- 2006 г.

## 1 бап. Қоғамның толық және қысқартылған атауы

- 1.1. «Карагандинский завод асбестоцементных изделий» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.
- 1.2. Қоғамның толық атауы:
  - 1) мемлекеттік тілде: «Карагандинский завод асбестоцементных изделий» акционерлік қоғамы;
  - 2) орыс тілінде: Акционерное общество «Карагандинский завод асбестоцементных изделий»;
  - 3) ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Карагандинский завод асбестоцементных изделий».
- 1.3. Қоғамның қысқартылған атауы:
  - 1) мемлекеттік тілде: «КЗАЦИ» АҚ;
  - 2) орыс тілінде: АО «КЗАЦИ»;
  - 3) ағылшын тілінде: JSC «КЗАЦИ».
- 1.4. Акционерлік қоғамының құрылтайшысы **Жаркимбеков Ерик Тулеуханович** болып табылады.
- 1.5. **Жаркимбеков Ерик Тулеуханович**, 02.06.1974 жылы туған, Ақмола облысының тумасы, жеке куәлігі № 011923707, 2001 жылы 31.10 Қазақстан Республикасының ІМ берген, СТН 361000335117, тұратын жері: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Щучинск қаласы, Солнечная көшесі, 1 үй.
- 1.6. «Карагандинский завод асбестоцементных изделий» акционерлік қоғамы қайта құрылған «КЗАЦИ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің барлық міндеттемелері бойынша мирасқор болып табылады.
- 1.7. Осы жарғыны Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13.05 "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) негізінде әзірленген.

## 2 бап. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері

- 2.1. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 101408, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Ақтау қтк.

## 3 бап. Қоғамның заңдық мәртебесі

- 3.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары болады, ол өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асыра алады, міндеттер атқарады, сотта талап қояды және жауап береді.
- 3.2. Қоғамның атауы ағылшын тілінде көрсетілген және өзге де ақпараттар жазылған мөрі болады, оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өз атауымен бланкілері, тіркелген тауарлық белгісі және өзге де деректемелері болады.
- 3.3. Қоғам қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.
- 3.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы аумағында және оның шегінен тыстағы Заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.
- 3.5. Қоғамның меншігінің түрі – жеке меншік.
- 3.6. Қоғам Қазақстан Республикасының және шетелде, және олар туралы Ереже негізінде өз атынан және Қоғамның тапсыруы бойынша филиалдар және өкілдіктер құра алады.

## 4 бап. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі

- 4.1. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауапкершілік атқарады.
- 4.2. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік атқармайды. Акционерлер қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

- 4.3.** Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

### **5 бап. Қоғам қызметінің түрлері**

- 5.1.** Қызмет түрлері мыналар болып табылады:
- 1)** асбесто-цемент өнімдерін өндіру және өткізу;
  - 2)** жалпыхирургиялық, терапевтік, акушерлік, офтальмологиялық, гинекологиялық, косметологиялық жиынтықтағы ауруларға жоғарғы білікті дәрігерлік көмек көрсету;
  - 3)** пластикалық және трансплантациялық хирургия;
  - 4)** арак, наркотик және темекі тартуға тәуелді ауруларды емдеу және сауықтыру;
  - 5)** лабораториялық, инструментальдық, диагностикалық зерттеулер, сонымен бірге генетикалық сарап;
  - 6)** дәрігерлік тексеру, неке және семья сұрақтарын дәрігерлік - әлеуметтік жоспарлау;
  - 7)** дәстүрлі қызмет және бальзамдау;
  - 8)** дайын формадағы дәрілік жабдықтары, таза қоспалар, дәрілік шөптер, дәрігерлік косметика, дәрігерлік құралдар және саймандар өндіру, көтерме-бөлшек сауда;
  - 9)** мұнай өнімдерін сатып алу, өткізу, сақтау;
  - 10)** тамақ өнімдерімен өндіру және өткізу;
  - 11)** құрылыс өндірісін және құрылыс материалдарын индустриаландыруды дамыту;
  - 12)** сыртқа экономикалық және сыртқысауда қызметі сонымен бірге шетел инвестициясымен біріккен кәсіпорын құру;
  - 13)** ТМД көлемінде мекемелерге, азаматтарға көліктік - экспедициялық қызмет көрсету;
  - 14)** балташы-столярлық жұмыстар;
  - 15)** байланыс қызметі;
  - 16)** жол құрылыс материалдары, конструкциялық бұйымдар, өндірістік және басқа да қалдықтарды өндіру және өткізу;
  - 17)** өндірістік өнімдер бұйымдар, ауылшаруашылық өнімдері, қайта өңдеу өнеркәсіптерінің өнімдерін, жанар-жағар май, спирт тауарларын өндіру және өткізу;
  - 18)** ғимараттарды, жайларды, мекемелерді сәулеттендіру;
  - 19)** ақылы қызмет, оның ішінде халыққа тұрмыстық қызмет;
  - 20)** қоғамдық тамақтандыру орындарын (кафе, асханалар, ресторандар) ашу және жұмысын ұйымдастыру;
  - 21)** коммерциялық хабарлар жинау, өңдеу, жинақтау, хабар - маркетинг қызметін көрсету;
  - 22)** инвестициялық қызмет, лизинг, холдинг, факторинг;
  - 23)** жеңіл, ауыр автомашиналарды, автокөліктерді, ауылшаруашылық техникаларды, және басқа да автокөлік құралдарын, саймандарын сатып алу және өткізу;
  - 24)** өзінің және жалға алған аландарда бөлшек және комиссиянды сауда жасау, дүкендер ашу, өзі шығарған және коммерциялық қызметтің нәтижесінде алынған өнімдерді өткізу;
  - 25)** кәсіпорындар және мекемелер арасында, оның ішінде шетел фирмаларымен іскерлік байланыс орнату қызметін көрсету;
  - 26)** заңды және жеке тұлғаларға мүлікті жалға беру қызметін көрсету;
  - 27)** халықаралық симпозиумдар, конференциялар және іскерлік жолығулар, айырбас жолымен, халықаралық іскерлік ғылыми қарым-қатынастар ұйымдастыру;
  - 28)** жабдықтар өткізу қызметі;
  - 29)** автотұрақтар, саяжайлар, гараждар салу және іске асыру;
  - 30)** мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, омарта шаруашылығы, ауыл шаруашылығы;
  - 31)** ғылыми-ізвестіру жұмыстары;
  - 32)** жанар-жағар май құятын станция құру;
  - 33)** туристік қызметтер көрсету, спорт-дене мәдениеті шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;
  - 34)** Қазақстан Республикасы Заңдарымен рұқсат етілген басқа да қызметтерді атқаруға болады.

**6 бап. Қоғамның акциялармен куәландырылған құқықтар көлемін қоса алғанда, акционерлердің құқықтары туралы мәліметтер**

- 6.1.** Қоғамда жай акциялар болуы мүмкін, олар жалғыз акционерге барлық мәселелерді шешу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді. Сондай-ақ қоғамда артықшылықты акциялары болуы мүмкін, олар акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді. Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес процентінен аспауға тиіс.
- 6.2.** Қоғамның акционері құқылы:
- 1) осы қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;
  - 2) дивидендтер алуға;
  - 3) қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде жалғыз акционерге немесе қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;
  - 4) тіркеушіден немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
  - 5) қоғам жалғыз акционерге қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
  - 6) қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;
  - 7) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
  - 8) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
  - 9) Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.
- 6.3.** Қоғамның акционері міндетті:
- 1) акцияларды төлеуге;
  - 2) осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен нақтылы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
  - 3) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе Заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
  - 4) осы Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.
- 6.4.** Осы жарғының 6.3. тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды акционердің орындамауының салдары үшін қоғам мен тіркеуші жауапты болмайды.

**7 бап. Қоғамның органдарын құру тәртібі және олардың құзыреті**

- 7.1.** Қоғамда келесі органдар құрылады:
1. жоғары орган – жалғыз акционер;
  2. басқару органы - директорлар кеңесі;
  3. атқарушы органы – Бас директор;
  4. жалғыз акционердің қалауы бойынша қоғамды директорлар кеңесін құрмай-ақ басқару мүмкіндігі болады Заңда және осы жарғыда қарастырылған оның өкілеттігін өзіне алады.
- 7.2.** Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:
- 1) қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
  - 2) осы кодексті қабылдау қоғамның жарғысында көзделген жағдайда, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
  - 3) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
  - 4) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
  - 5) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 6) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

- 7) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
  - 8) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
  - 9) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
  - 10) Заңның 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
  - 11) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
  - 12) жалғыз акционерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
  - 13) қоғам акцияларды Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;
  - 14) жалғыз акционердің мәжілісінің күн тәртібін бекіту;
  - 15) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
  - 16) "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою;
  - 17) шешім қабылдау Заңда және қоғам осы жарғысында жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- 7.3. Егер жарғыда өзгеше белгіленбесе, жалғыз акционер қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- 7.4. Егер акционерлердің саны екі не одан көп тұлғалар құраған жағдайда, жалғыз акционердің өкілеттілігін акционерлердің жалпы жиналысы Заңда қарастырылған тәртіпте жүзеге асырады.

#### **8 бап. Директорлар кеңесі. Директорлар кеңесінің құзыреті. Мәжілісін шақыру және жүргізу тәртібі**

- 8.1. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, қоғамның қызметіне жалпы басшылықты директорлар кеңесі жүзеге асырады.
- 8.2. Директорлар кеңесінің мүшелерін қалыптастыруды жалғыз акционер жүзеге асырады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы.
- 8.3. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:
  - 1) қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
  - 2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 3) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 4) қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
  - 5) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және есепті қаржы жылы үшін төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір жай акцияға төленетін дивидендтің мөлшерін айқындау туралы шешімдер қабылдау;
  - 6) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
  - 7) басшына 5 жыл мерзімге тағайындау, сондай-ақ оны өкілеттілігінің уақытынан бұрын тоқтауы;
  - 8) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
  - 9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
  - 10) бағалаушы мен аудиторлық ұйым көрсеткен қызметтерге төленетін ақының мөлшерін айқындау;

- 11) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды);
  - 12) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
  - 13) қоғамның басқа ұйымдарды құруы және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
  - 14) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
  - 15) бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда қоғамның тіркеушісін таңдау;
  - 16) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе Заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
  - 17) ірі мәмілелер және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
  - 18) генералдық директормен жеке еңбек шартын бекіту және қол қою;
  - 19) осы қоғамның жарғысында көзделген, жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.
- 8.4. Директорлар кеңесі мүшелерінің санын жалғыз акционердің шешімімен анықталынады және ол үш адамнан кем болмауы қажет. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.
- 8.5. Директорлар кеңесін шақыру және мәжілісі Заңға сәйкес жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің шешімі мәжәліске қатысқан директор кеңесінің мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Егерде дауыстардың саны тең болған жағдайда, директорлар кеңесі төрағасының немесе төрағалық жүргізген тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.
- 8.6. Директорлар кеңесінің мәжілісі, егерде оған директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысы қатысқанда өкілетті болады.

### **9 бап. Атқарушы органы – Қоғамның бас директоры**

- 9.1. Қоғамның атқарушы органы, қоғамның ағымды қызметіне басшылықты жүзеге асыратын бас директор, болып табылады. Қоғамның бас директоры жалғыз акционердің және қоғамның директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды. Бас директор Қазақстан Республикасының заңнамаларында, Заңда және осы жарғыда қоғамның басқада органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне берілмеген қоғамның кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 9.2. Бас директорды директорлар кеңесі сайлайды немесе тағайындайды. Директорлар кеңесінің ұйғаруымен бас директорды директорлар кеңесі мүшелерінен ішінен сайлануы немесе тағайындалуы мүмкін, жұмыскерлердің ішінен акционер болатын, әйпесе болмайтын, мейлі Қоғамның акционері немесе жұмыскері болмайтын тұлға сайлануы немесе тағайындалуы мүмкін. Бас директордың функциясы, өкілеттігі және міндеттері осы жарғымен, қоғаммен бас директордың арасындағы жеке еңбек шартымен, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілері, олар белгіленген шектеулерді есепке ала отырып жалғыз акционердің және директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталынады. Бас директормен жасалған жеке еңбек шартты қоғамның атынан жалғыз акционер немесе директорлар кеңесінің төрағасы немесе директорлар кеңесінде уәкіл етілген тұлға қол қояды.
- 9.3. Бас директордың айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады
- 1) жалғыз акционердің және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
  - 2) қоғамның атынан үшінші жақтарға қатысты, сенімхатсыз әрекет жасайды, қоғамның мүддесін Қазақстан Республикасының және шет елдер аумағындағы мекемелерге және ұйымдарға білдіреді.
  - 3) кредит бөлуші, ақшаны және басқада құндылықтарды беру, қабылдау және алу үшін негіз болатын барлық құжаттарға, сондай-ақ басқада ұымдардың арасындағы кредиттік және есеп айырысу қатынастары өзгертетін құжаттардыға қол қояды;
  - 4) ірі мәмілелерді жасасу үшін осы жарғыға сәйкес жалғыз акционердің немесе директорлар кеңесінің шешімдері қажет ететін басқаларды есептемегенде, кез келген мәлімелерді кез келген валютада кез келген соммада жасасады;
  - 5) қоғамның атынан шаруашылық және басқада шарттарға қол қояды;

- 6) қоғамның филиалдардың (өкілдіктердің) директорларын тағайындайды және шығарады, оларды мадақтайды және тәртіптік жазалау шараларын қолданады;
  - 7) жалғыз акционердің мен директорлар кеңесінің шешімдерін кезінде орындау барысында өзінің өкілеттігі шегінде бұйрықтар және өкімдер шығарады, қаржылық есептерге қол қояды, қоғамның басқа органдарының құзыретіне берілмеген басқада кез келген функцияларды жүзеге асырады.
  - 8) үшінші жақтарға қарасты қоғамды білдіру құқығында сенімхаттар береді;
  - 9) қоғамның құрылымын және штаттық кестесін, қоғамның жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін бекітеді, жұмыскерлерді қабылдайды, орнын ауыстырады және шағарады, оларға лауазымды еңбек ақының (тарифтік ставка) мөлшерін белгілейді және сыйақының мөлшерін анықтайды, оларды мадақтайды және тәртіптік жазалау шараларын қолданады;
  - 10) осы жарғыда сәйкес қоғамның жалғыз акционерінің, директорлар кеңесінің айрықша құзыретінен берілген мәселелерден басқасын есептемегенде, жалғыз акционердің, директорлар кеңестің, осы жарғының, жеке еңбек шарттың және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілердің берілген өзгеде өкілеттікті жүзеге асырады.
- 9.4.** Қоғамның бас директоры болмаған уақытта оның өкілеттігін бас директордың орынбасары орындайды. Егерде бас директор қандай-да себептермен, өзінің болмаған кезінде өзінің міндеттерін орынбасарға артырмаған жағдайда, бас директордың болмаған уақытта оның міндеттерін директорлар кеңесі тағайындаған тұлға орындайды.
- 9.5.** Бас директорды мерзімінен бұрын босату келесі жағдайларда жүргізіледі:
- 1) бас директордың талабы бойынша, егерде ол қоғамды жеке еңбек шартында келісілген мерзімінде жазбаша түрде ескерткенде, бірақ-та ол мерзім жеке еңбектік шартты бұзған сәтке дейін бір айдан кем болмауы қажет;
  - 2) директорлар кеңесінің талабы бойынша кез келген уақытта және кез келген негізде мерзімінен бұрын босатуды анықтайды. Сондай-ақ бас директор Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарын немесе осы жарғының ережелерін бұзған жағдайда, егерде бас директор жалғыз акционердің немесе директорлар кеңесінің шешімдерін орындамаса, Қазақстан Республикасы мейлі шет елде қасақаналық қылмыстық жауапкершілігіне тартылған жағдайда, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Қазақстан Республикасы заңында көрсетілген негіздер бойынша, қолданылып жүрген еңбек заңдарында қарастырылған өтемақы төлеумен.
- 9.6.** Бас директордың лауазымдық ақысының мөлшері, еңбек ақы және сыйақы төлеу тәртібін қоғамның директорлар кеңесі анықтайды.
- 9.7.** Бас директор директорлар кеңесінің мүшесі бола алады, ал директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлануға мүмкін емес.

**10 бап. Қоғамның акционеріне (акционерлерге) оның қызметі туралы ақпарат беру тәртібі**

- 10.1.** Қоғам өз қызметі туралы, қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпаратты өзінің акционерлеріне Заңға және осы жарғыға сәйкес назарына жеткізеді.
- 10.2.** Қоғам акционерлеріне өзінің қызметі туралы ақпараттарды беруді "Индустриальная Караганда" облыстық газетінде жария жолымен жүзеге асырады.

**11 бап. Қоғам акционері (акционерлері) мен лауазымды тұлғаларының өз аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты беру тәртібі**

- 11.1.** Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі ұсынған мәліметтер негізінде жүргізеді.
- 11.2.** Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты мынадай көлемде ұсынады:

<b>Жеке тұлғалар туралы:</b>					
Тегі, аты, әкесінің аты (болса)	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және жеке тұлғаның тұрғылықты жері туралы мәліметтер	Туған күні	Аффилиирленгендігін тану үшін негіздемелер	Аффилиирленгендігінің пайда болған күні	Ескертпе
<b>Заңды тұлғалар туралы:</b>					
Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, заңды тұлғаның почталық мекен-жайы және іс жүзінде орналасқан жері		Аффилиирленгендігін тану үшін негіздемелер	Аффилиирленгендігінің пайда болған күні	Ескертпе

**11.3.** Қоғамның акционерлері мен аффилиирленген тұлғалары аффилиирленген тұлғалар туралы ақпаратты тұлғаларды аффилиирленген деп тану үшін негіздемелер пайда болған (жойылған) күнінен бастап не акциялар сатып алынған (қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шарты жасалған) күнінен бастап 7 күн ішінде ұсынады.

### **12 бап. Қоғам қызметінің тоқтатылу талаптары**

- 12.1.** Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кредиторлармен келісімдер бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін белгілейтін акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады.
- 12.2.** Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда қоғамды мәжбүрлеп таратуды сот жүзеге асырады.
- 12.3.** Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, қоғамды тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа ұсынуы мүмкін.
- 12.4.** Соттың немесе жалпы жиналыстың қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.
- 12.5.** Тарату комиссиясы қоғамның таратылуы кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген іс-әрекет жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады.
- 12.6.** Ерікті тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына қоғам кредиторларының өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де адамдар енгізілуге тиіс.
- 12.7.** Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.
- 12.8.** Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.
- 12.9.** Таратылатын қоғамның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін акционерлер арасында бөлуді тарату комиссиясы мынадай кезектілікпен жүзеге асырады:
- 12.9.1.** бірінші кезекте - Заңға сәйкес сатып алынуға тиіс болатын акциялар бойынша төлемдер;
- 12.9.2.** екінші кезекте - артықшылықты акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтерді төлеу;
- 12.9.3.** үшінші кезекте - жай акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтерді төлеу.
- 12.10.** Әрбір кезектің талаптары алдыңғы кезектің талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады.
- 12.11.** Егер таратылатын қоғамның мүлкі есептелген, бірақ төленбеген дивидендтерді төлеуге және артықшылықты акциялардың құнын өтеуге жеткіліксіз болса, аталған мүлік, осы Заңның 13-бабы 2-тармағының талаптары ескеріле отырып, түгелдей осы санаттағы акционерлер арасында оларға тиесілі акциялардың санына қарай бөлінеді.



**12.12.** Қоғамды қайта ұйымдастыру тәртібі біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру жолымен жүзеге асырылады.

**13 бап. Қорытынды ережелер**

**13.1.** Қоғам осы Жарғымен реттелмегендер бойынша Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарыны және нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

**13.2.** Осы Жарғы белгіленген заңнамалық тәртіппен оның тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қоғамның  
жалғыз акционері

\_\_\_\_\_

**Жаркимбеков Е.Т.**

**Утвержден**  
Решением  
единственного учредителя  
от «\_\_»\_\_\_\_\_2006 года

**У С Т А В**  
акционерного общества  
«Карагандинский завод асбестоцементных изделий»

город Темиртау - 2006 г.

## **Статья 1. Полное и сокращенное наименования общества**

- 1.1. Настоящий устав **акционерного общества «Карагандинский завод асбестоцементных изделий»** (далее – Общество) определяет его наименование, место нахождения, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.
- 1.2. Полное наименование общества:
  - 1) на государственном языке: «Карагандинский завод асбестоцементных изделий» акционерлік қоғамы;
  - 2) на русском языке: Акционерное общество «Карагандинский завод асбестоцементных изделий»;
  - 3) на английском языке: Joint Stock Company « Карагандинский завод асбестоцементных изделий ».
- 1.3. Сокращенное наименование общества:
  - 1) на государственном языке: «КЗАЦИ» АҚ;
  - 2) на русском языке: АО «КЗАЦИ»;
  - 3) на английском языке: JSC «КЗАЦИ».
- 1.4. Учредителем Акционерного Общества является **Жаркимбеков Ерик Тулеуханович**.
- 1.5. **Жаркимбеков Ерик Тулеуханович**, 02.06.1974 года рождения, уроженец Акмолинской области, удостоверение личности № 011923707, выдано 31.10.2001 года МВД Республики Казахстан, РНН 361000335117, проживающий по адресу: Республика Казахстан, Акмолинская область, город Щучинск, улица Солнечная, дом 1.
- 1.6. Акционерное общество «Карагандинский завод асбестоцементных изделий» является правопреемником по всем обязательствам реорганизованного товарищества с ограниченной ответственностью «КЗАЦИ».
- 1.7. Настоящий устав разработан на основании Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах» от 13.05.2003г. (далее – Закон).

## **Статья 2. Место нахождения исполнительного органа общества**

- 2.1. Местонахождение исполнительного органа общества: 101408, Республика Казахстан, Карагандинская область, город Темиртау, пгт. Актау.

## **Статья 3. Юридический статус**

- 3.1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.
